

ФОНЕТИКА

Фонетика – тіл ғылымында дыбыстық жүйені зерттейтін сала.

ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР – 12						а, е, ы, і, ә, о, ө, ұ, ү, и, у, э;					
Еріннің қатысына қарай		Жақтың қатысына қарай		Тілдің қатысына қарай							
Еріндік дауыстылар	Езулік дауыстылар	Ашық дауыстылар	Қысаң дауыстылар	Жуан дауыстылар	Жіңішке дауыстылар						
а, ө, у, ұ, ү	а, ә, е, э, ы, і, и	а, ә, о, ө, е, э	ы, і, и, у, ұ, ү	а, о, ұ, ы, (у)	ә, ө, ү, і, е, (ү), и						

ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР – 25			б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, ц, ш, щ, һ, (у);		
Дауыссыз дыбыстар үн мен салдырдың қатысына қарай					
үн			салдыр		
үнді		қатаң		ұяң	
р, л, й, м, н, ң		п, ф, к, қ, т, с, ш, щ, х, ц, һ, ч		б, в, г, ғ, д, з, ж	

Орфография – сөзді дұрыс жазу нормасы; **Орфоэпия** – сөзді дұрыс айту нормасы;

ЛЕКСИКА

Лексика – қазақ тілінің сөздік құрамын зерттейтін тіл білімінің саласы

СӨЗ

Семасиология	этимология	диалектология	стилистика	тарихи лексикология	лексикография	фразеология
--------------	------------	---------------	------------	---------------------	---------------	-------------

Сөздер лексика-семантикалық мағынасы бойынша

ОМОНИМ

Дыбысталуы, сыртқы тұлғасы бірдей, мағынасы жағынан бөлек
мыс: Жаз келді. Әңгіме жаз.

СИНОНИМ

Тұлғасы әр түрлі, мағынасы жақын
Әдемі, сұлу, көркем, ару;

АНТОНИМ

мағыналары бір-біріне қарама қарсы
биік-аласа
ақ-қара

Эвфемизм	Дисфемизм
Әдептілікке негізделген сыпайы, жағымды сөз	Қолайсыз, дөрекі, әдепсіз сөз
Аяғын сылтып басады Құлағының мүкісі бар	Ақсақ Керең

Мақал – ғибраттық, өсиеттік мәні ашық; Бірлік болмай-тірлік болмас;
Мәтел – ойды ишарлап, меңзеп, тұспалдап беру. Төртеуі түгел төрге шығар;

ЖАЙ СӨЙЛЕМ

ЖАҚТЫ ЖАҚСЫЗ ЖАЛАҢ ЖАЙЫЛМА ТОЛЫМДЫ ТОЛЫМСЫЗ АТАУЛЫ

ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

САЛАЛАС	САБАҚТАС	АРАЛАС
Тәуелсіз, тең дәрежеде байланысады	Бірі екіншісіне бағына, сабақтаса байланысады	Кемінде үш сөйлемнен, салаласа, сабақтаса байланысады
<i>Халық көп күтті, жиналыстың басталатын түрі жоқ.</i>	<i>Абай табиғат сұлулығына ұзақ қарап, қолына қалам алды.</i>	<i>Аман атын жетелеп жақындап еді, аты осқырған соң, тұрып қалды.</i>

САБАҚТАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМНІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

Шартты бағыныңқы сабақтас	Қарсылықты бағыныңқы сабақтас	Мезгіл бағыныңқы сабақтас	Себеп бағыныңқы сабақтас	Қимыл-сын бағыныңқы сабақтас	Мақсат бағыныңқы сабақтас
бағыныңқы сөйлемінде іс-әрекеттің жүзеге асу, я аспау шарты тұрады	қарсы қойыла айтылады	мезгілін, болу уақытын білдіреді	себеп пен салдардың қатынаста болуы арқылы жасалады	қалай жүзеге асқандығын, тәсілін білдіреді	іс-әрекеттің мақсатын білдіреді

САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛЕРІ

Құрамындағы жай сөйлемдердің мағыналық қарым-қатынасына қарай

Іс-әрекет мезгілдес, бағытлас орайлас болады	Іс, оқиға қарама-қарсы мәнде жұмсалады	Бірі екіншісінде айтылған істің себебін не салдарын білдіреді	Мазмұнын ашып, талдап, түсіндіріп тұрады	Тек біреудегі іс оқиға ғана жүзеге асады, болжам жасалады	Іс, оқиға кезектесіп, алмасып келеді
Ыңғайлас салалас	Қарсылықты салалас	Себеп-салдар салалас	Түсіндірмелі салалас	Талғаулықты салалас	Кезектес салалас

ЖАҢА СӨЗДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ТӘСІЛДЕРІ

Лексикалық тәсіл	Морфологиялық тәсіл	Синтаксистік тәсіл
Сөздің жаңа мағынаға ие болуы	Сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалуы	Сөздердің бірігу, қосарлану, тіркесу арқылы жасалуы

МОРФОЛОГИЯ

МОРФОЛОГИЯ – сөздің тұлғалық ерекшеліктерін, сөз құрамын зерттейтін тіл білімінің саласы
Сөз таптары: Зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, еліктеуіш, шылау, одағай

ЗАТ ЕСІМ

Деректі зат есім	Дерексіз зат есім	Жалпы есім	Жалқы есім
Көзбен көріп, қолмен ұстауға болады.	Ақыл-ой арқылы танылады.	Біртекес заттарды топтап айту.	Біртекес заттарды жекелеп айту.
<i>Кесе, қалам, нан, дәптер, су, т.б.</i>	<i>Ақыл, ой, сана, адамгершілік, т.б.</i>	<i>Адам, тау, өзен, қала, мемлекет, т.б.</i>	<i>Марат, Қаратау, Есіл, Тараз, Қазақстан, т.б.</i>

ЗАТ ЕСІМ ТУДЫРАТЫН ЖҰРНАҚТАР

Есімдерден зат есім тудыратын жұрнақтар	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақтар
- шы, - ші	-ым, -ім, -м
-дас, -дес, -тас, -тес, -лас, -лес;	-у,
-лық, -лік, -дық, -дік, тық, -тік;	-ын, -ін, -н
-шылық, -шілік	-ақ, -ек, -к, -ық, -ік
-ылдырық, -ілдірік	-қы, -кі, -ғы, -гі
-хана	-ыс, -іс, -с
	-қын, -кін, -ғын, -гін
	-қыш, -кіш, -ғыш, -гіш
	-мақ, -мек, -пақ, -пек
	-ашақ, -ешек

Зат есімнің көптік жалғаулары: –лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер

ЗАТ ЕСІМНІҢ СЕПТЕЛУІ

Септіктер	Сұрағы	Жалғауы
Атау септік	<i>кім? не?</i>	
Ілік септік	<i>кімнің? ненің?</i>	-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің
Барыс септік	<i>кімге? неге?</i>	-ға, -ге, -қа, -ке, -а, -е, -на, -не
Табыс септік	<i>кімді? нені?</i>	-ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті, -н
Жатыс септік	<i>кімде? неде?</i>	-да, -де, -та, -те, -нда, -нде
Шығыс септік	<i>кімнен? неден?</i>	-дан, -ден, -тан, -тен, -нан, -нен
Көмектес септік	<i>кіммен? немен?</i>	-мен, -бен, -пен

ШЫЛАУ – дербес лексикалық мағынасы жоқ, толық мағыналы сөзге түрлі қосымша мағына үстейтін, сөйлем мүшесі бола алмайтын, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын сөз табы.

ШЫЛАУ

СЕПТЕУЛІК	ЖАЛҒАУЛЫҚ	ДЕМЕУЛІК
Атау, барыс, шығыс, көмектес септіктермен тіркеседі: дейін, шейін, қарай, таман, тарта, жуық, әрі, бері, бұрын, соң, кейін, гөрі, үшін, сайын, сияқты, туралы, жайында, жөнінде	1. Ыңғайластық жалғаулықтар: мен (бен, пен), да (де, та, те), және, әрі; 2. Қарсылықты жалғаулықтар: бірақ, сонда да, дегенмен, әйтсе де; 3. Себеп-салдар жалғаулықтар: өйткені, себебі, сол, себепті, сондықтан; 4. Талғаулықты, кезектес жалғаулықтар: я, не, яки, немесе, әлде, кейде, бірде;	1. Сұраулық демеулік: ма (ме, ба, бе, па, пе) ше; 2. Күшейткіш демеулік: -ақ, -ай, -ау, әсіресе, да (де, та, те); 3. Тежеу демеуліктері: ғана, тек; 4. Болжалдық демеулік: -мыс; 5. Нақтылау мәнді: -қой (ғой), -ды (ді, ты, ті); 6. Болымсыздық, салыс-тыру: түгел, тұрсын, тұрмақ;

ЕЛІКТЕУ СӨЗДЕР – табиғаттағы әр алуан құбылыстардың дыбыстарына еліктеуден пайда болған, күйін, қозғалысын көру арқылы сипаттайтын сөз табы.

ЕЛІКТЕУ СӨЗДЕР

ЕЛІКТЕУІШ	БЕЙНЕЛЕУІШ
Пыр-пыр, тарс-тұрс, сарт-сұрт, шықыр-шықыр, қарқ-қарқ	Қалт-құлт, қалт-қалт, күмп, жарқ, салп

ОДАҒАЙ – адамның түрлі сезім дүниесін, көңіл-күйін білдіретін, толық мағынасы жоқ, өз алдына сөйлем мүшесі бола алмайтын сөз табы.

ОДАҒАЙ

КӨҢІЛ-КҮЙ	ЖЕКІРУ	ШАҚЫРУ
Пай-пай, уһ, ой, ей, әй, беу, ту, ойпыр-ай, бәсе, алақай, әттең, уһ, аһ, қап, бәрекелді, беу, ау	Тек, жә, жәйт	Шөре-шөре, қош-қош, құрау-құрау, моһ-моһ, көс-көс, кө-кө

ҮСТЕУ – іс-әрекеттің әр түрлі белгісін, амал-тәсілін, мекенін, мезгілін, себебін, мақсатын білдіретін сөз табы.

Құрамына қарай: негізгі үстеу, туынды үстеу, күрделі үстеу болып бөлінеді.



ЗАТ ЕСІМНІҢ ТӘУЕЛДЕНУІ

жақ	ЖАЛҒАУ	ЖЕКЕШЕ	КӨПШЕ
I-жақ	-ЫМ, -ІМ, -М, -ЫМЫЗ, -ІМІЗ, -МЫЗ, -МІЗ	<i>Менің үйім</i>	<i>Біздің үйіміз</i>
II-жақ	-ЫҢ, -ІҢ, -Ң	<i>Сенің үйің</i>	<i>Сендердің үйлерің</i>
С.Т	-ЫҢЫЗ, -ІҢІЗ, -ҢЫЗ, -ҢІЗ	<i>Сіздің үйіңіз</i>	<i>Сіздердің үйлеріңіз</i>
III-жақ	-СЫ, -СІ, -Ы, -І	<i>Оның үйі</i>	<i>Олардың үйлері</i>

ЗАТ ЕСІМНІҢ ЖІКТЕЛУІ

жақ	ЖАЛҒАУ	ЖЕКЕШЕ	КӨПШЕ
I-жақ	-МЫН, -МІН, -БЫН, -БІН, -ПЫН, -ПІН, -МЫЗ, -МІЗ, -БЫЗ, -БІЗ, -ПЫЗ, -ПІЗ	<i>Мен оқушымын</i>	<i>Біз оқушымыз</i>
II-жақ	-СЫҢ, -СІҢ, -СЫҢДАР, -СІҢДЕР	<i>Сен оқушысың</i>	<i>Сендер оқушысыңдар</i>
С.Т	-СЫЗ, -СІЗ, -СЫЗДАР, -СІЗДЕР	<i>Сіз оқушысыз</i>	<i>Сіздер оқушысыздар</i>
III-жақ		<i>Ол - оқушы</i>	<i>Олар-оқушылар</i>

СЫН ЕСІМ – заттың сынын, сапасын, түрін-түсін білдіретін сөз табы
Сұрақтары: қандай? қай?

СЫН ЕСІМНІҢ ЖАСАЛУЫ

	ЕСІМ СӨЗДЕРДЕН СЫН ЕСІМ ЖАСАЙТЫН ЖҰРНАҚТАР	ЕТІСТІКТЕРДЕН СЫН ЕСІМ ЖАСАЙТЫН ЖҰРНАҚТАР
1	-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті; <i>сазды, далалы</i>	-қыш, -ғыш, -кіш, -гіш; <i>сезгіш, атқыш</i>
2	-сыз, -сіз; <i>көңілсіз, сусыз</i>	-қ, -к, -ық, -ік, -ақ, -ек; <i>қорқақ, толық, үркек</i>
3	-шек; <i>еріншек, көңілшек</i>	-қақ, -ғақ, -кек, -гек; <i>ұрысқақ, тоңғақ</i>
4	-қы, -ғы, -кі, -гі; <i>қысқы, көктемгі</i>	-шақ, -шек; <i>мақтаншақ, еріншек</i>
5	-тал, -мал; <i>бауырмал, сезімтал</i>	-ма, -ме; <i>бояма, құлама</i>
6	-лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес; <i>ауылдас, сыныптас, көршілес</i>	-с, -ыс, -іс; <i>таныс, біліс</i>
7	-дай, -дей, -тай, -тей; <i>түйедей, аттай</i>	-мды, -мді; <i>ұнамды, келісімді</i>
8	-шаң, -шең; <i>бойшаң, тершең</i>	-улы, -улі; <i>таңдаулы, ілулі</i>
9	-шыл, -шіл; <i>ұйқышыл, көпшіл</i>	-малы, -мелі, -палы, -пелі, -балы, -белі; <i>ашпалы, тізбелі</i>
10	-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік; <i>қалалық, өлкелік</i>	
11	-қой; <i>әуесқой, сәнқой</i>	
12	-паз; <i>өнерпаз, әсемпаз</i>	
13	-қор, -гер; <i>ызақор, қарагер</i>	

САН ЕСІМ – заттың санын, ретін, мөлшерін, бөлшегін білдіретін сөз табы.
Сұрақтары: *қанша? неше? нешінші? нешеу? нешеден? қаншадан? нешеде? қаншада?*
Сан есімдер мағынасы жағынан: есептік, реттік, жинақтық, топтау, болжалдық, бөлшектік болып бөлінеді;
Құрамы жағынан: негізгі, туынды, дара, күрделі сан есімдер болып бөлінеді.

ЕСІМДІК – есім сөздердің орнына жұмсалатын сөздер. Есімдік: жіктеу, сілтеу, өздік, сұрау, белгісіздік, болымсыздық, жалпылау болып бөлінеді.

ЕТІСТІК – заттың қимылын, іс-әрекетін, күй-жайын білдіретін сөз табы.
Сұрақтары: *не істеді? не қылды? қайтті?*

Етістік құрамына қарай: дара, күрделі етістік болып бөлінеді.
Мағынасы мен атқаратын қызметіне қарай негізгі, көмекші етістік болып бөлінеді.

ЕТІСТІКТІҢ РАЙЛАРЫ

Іс-әрекет

Үш жақта, үш шақта айтылса	Бұйыра, сұрай айтылса	Орындалу мүмкіншілігі шартқа байланысты	Қалау, тілек ниетін білдірсе
Ашық рай	Бұйрық рай	Шартты рай	Қалау рай

ЕТІСТІКТІҢ ШАҚТАРЫ

Іс-әрекет, амал, әрекет сөйлеушінің

Дәл хабарлап тұрған кезінде	Хабарлап тұрған кезден кейін	Хабарлап тұрған уақытынан бұрын
Нақ осы шақ	Болжалды келер шақ	Жедел өткен шақ
Ауыспалы осы шақ	Мақсатты келер шақ	Бұрынғы өткен шақ
	Ауыспалы келер шақ	Ауыспалы өткен шақ

ЕТІСТІКТІҢ ЕРЕКШЕ ТҮРІ

әрі есім, әрі етістік, есімдерше түрленеді	Іс-әрекеттің амалын, сынын, себебін, мезгілін, мақсатын айқындайды
ЕСІМШЕ	КӨСЕМШЕ
-қан, -кен, -ған, -ген -ар, -ер, -р -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек -атын, -етін, -йтын, -йтін, -с	-ып, -іп, -п -а, -е, -й -қалы, -келі, -ғалы, -гелі

Етіс – қимылдың, іс-әрекеттің орындаушыға қатысы

ЕТІС

Өздік етіс	-ын, -ін, -н, -ыл, -іл, -л	қосылды, көрінді, т.б
Өзгелік етіс	-қыз, -кіз, -ғыз, -гіз, -дыр, -дір, -тыр, -тір, -т	сөйлеткізді, алдырды, айттырды
Ортақ етіс	-ыс, -іс, -с	айтысты, сөйлесті
Ырықсыз етіс	-ыл, -іл, -л, -ын, -ін, -н	қойылды, жиналды

СӨЙЛЕМ МҮШЕСІ

ТҰРЛАУЛЫ МҮШЕЛЕР		ТҰРЛАУСЫЗ МҮШЕЛЕР		
БАСТАУЫШ	БАЯНДАУЫШ	ТОЛЫҚТАУЫШ	АНЫҚТАУЫШ	ПЫСЫҚТАУЫШ
кім? не? кімдер? нелер? кімі? несі? кімім? нем? кімің? т.б.	не істеді? не қылды? не етеді? қайтті? кімдікі? не істеген? т.б.	кімді? нені? кімге? неге? кімде? неде? кімнен? неден? кіммен? немен?	қандай? қай? қанша? неше? кімнің? ненің? қайсы?	қашан? қайда? қайтіп? қалай? неліктен? не мақсатпен? не үшін? т.б.
Қимыл- әрекеттің, жай-күйдің, сапаның иесі	Іс- әрекеттің қимылын, жай-күйін білдіреді	Заттың мағына жағынан толықты- рады	Заттық ұғым- дағы мүше- лерді сындық, сапалық, иелік жағынан сипаттайды	Іс-қимылдың амалын, мезгілін, мекенін, себеп- мақсатын, сан- мөлшерін, сипа- тын білдіреді.

СӨЗДЕРДІҢ БАЙЛАНЫСУ ТҮРЛЕРІ

ҚИЫСУ	МАТАСУ	ҚАБЫСУ	МЕҢГЕРУ	ЖАНАСУ
Бастауыш пен баян- дауыштың жақ-жағынан, жіктік жалға- уы арқылы байланысы	Ілік жалғау- лы сөз бен тәуелдік жалғаулы сөз ара- сындағы байланыс	Сөздердің ешбір жалғаусыз қатар тұрып байланысуы	Сөздердің септеулік жалғаулар және шылау- лар арқылы байланысы	Сөздердің орын талға- май, ешбір жалғаулықсыз байланысуы
Мен жаздым. Біз көреміз. Олар ойнады.	Шешеннің тілі Шебердің бізі. Абай	Бес нәрседен қашық бол: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ. Абай	Жалқаудың жанына барсаң, сылтаудың астына қаласың. Қайып	Орыс теріс айтпайды Жаман бол деп оларды. Абай

Төл сөз – біреудің айтқан сөзін ешбір өзгеріссіз, дәл сол айтылған күйінде жеткізу.

Мыс: *Өнер-білім бәрі де оқуменен табылған, - деді Ыбырай Алтынсарин.*

Автор сөзі – оларға жанама түсінік беретін сөйлеушінің өз сөзі.

Төлеу сөз – сөйлеуші тарапынан өзгеріске ұшырап, біреудің сөзінің тек мазмұнын сақтап жеткізу.

Ыбырай Алтынсарин өнер-білімнің оқумен табылатыны туралы айтты.

ҮСТЕУДІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ТҮРІНЕ ҚАРАЙ БӨЛІНУІ

№	ҮСТЕУДІҢ ТҮРЛЕРІ	СҰРАҚТАРЫ	МАҒЫНАЛАРЫ
1	Мезгіл үстеу	<i>қашан? қашаннан?</i>	<i>Бүгін, былтыр, күндіз, қыстай, кешке, бұрын, т.б.</i>
2	Мекен үстеу	<i>қайда? қайдан?</i>	<i>Ілгері, кейін, сонда, төмен, алға, осында, әрі, т.б.</i>
3	Сын-қимыл үстеуі	<i>қалай? қайтті? қалайша? кімше?</i>	<i>Ақырын, бірден, осылай, қолма-қол, сөйтіп, лезде, т.б.</i>
4	Мөлшер үстеуі	<i>қанша? қаншама? қаншалық? қаншалап? қалай? қалайша?</i>	<i>Сонша, неғұрлым, онша, әжептеуір, талай, анағұрлым, мұнша, т.б.</i>
5	Күшейткіш үстеуі	<i>қалай? (қандай?)</i>	<i>Әбден, тым, ылғи, тіпті, мүлдем, т.б.</i>
6	Мақсат үстеуі	<i>қалай? не мақсатпен?</i>	<i>Әдейі, әдейілеп, қасақана, т.б.</i>
7	Себеп-салдар үстеуі	<i>не себепті? неге? қалай?</i>	<i>Босқа, бекерге, амалсыздан, т.б.</i>

СИНТАКСИС

Синтаксис – сөз тіркесін, сөйлемнің жүйесі мен құрылысын, түрлерін зерттейтін грамматиканың саласы.

Сөйлем айтылу мақсатына қарай:

		
Хабарлы нүкте	Сұраулы сұрау белгісі	Лепті леп белгісі
<i>Көктем келді.</i>	<i>Күн жылы ма?</i>	<i>Алақай, құстар келді!</i>

Сөйлемнің бірыңғай мүшелері – қызметі, тұлғасы, сұрақтары бірдей, сөйлемде бір ғана мүшенің қызметін атқаратын сөздер. Бірыңғай мүшелердің арасына үтір қойылады. *Мыс: Адам барлық жағынан да: түрі де, киімі де, жаны да, ойы да сұлу болуы керек.*

СӨЙЛЕМ



ЖАЙ СӨЙЛЕМ	ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ
Бір сөйлемнен құралып, жалаң ойды білдіреді	Екі я одан көп жай сөйлемнен құралып, күрделі ойды білдіреді
<i>Қыс келді. Күн суытты.</i>	<i>Қыс келіп, күн суытты.</i>